

Фрэнсис Элиза Бернетт

КІШКЕНТАЙ ХАНШАЙЫМ

Роман

Балаларға арнап бейімдеген
Жасарал Назерке

Астана-кітап баспасы
Алматы, 2021

ӘӨЖ 821.111-93
КБЖ 84 (4 Вел)
Ф 82

Ф. Ә. Бернетт

Ф 82 Кішкентай ханшайым: Романның бейімделген нұсқасы. — Алматы: Астана-кітап, 2021. -34 б.

ISBN 978-601-7595-32-6

Сара Кру — ақылды, парасатты әрі тәрбиелі қыз. Ол Үндістанда ханшайым секілді өмір сүретін. Әкесі Сараны білім алуға Англияға алып келеді. Қыздың зерек мінезін меңгеруші Минчин ханым мүлдем жақтыртпады. Бір күні Сараның жақсы көретін адамы көз жұмады. Осы сәттен бастап оның өмірі күрт өзгерді. Минчин ханым оның кедей екенін біліп, қызметші қылады. Алайда Сара үмітін үзген жоқ. Ол өзін нағыз ханшайыммын деп елестететін...

ӘӨЖ 821.111-93
КБЖ 84 (4 Вел)

ISBN 978-601-7595-32-6

©Астана-кітап, 2021



Фрэнсис Элиза Бернетт 1849 жылы Англияда дүниеге келген. Ауласындағы ғажайып бақтың ішінде өткізген уақыттар Элиза үшін ең керемет кез еді. Үш жасқа толғанда оның жақсы көретін, ауқатты әкесі дүниеден озады. Сол себептен Элиза отбасымен Америка Құрама Штаттарына көшеді.

Элиза Бернетт жастайынан кітап оқуға құмар еді. Достары Элизаның ойдан шығарған қызықты әңгімелерін айтып беруді сұрайтын. Оның қойын дәптеріне жазған хикаяларында жақсылық жамандықты жеңіп, күшті адам әлсіздерді қорғайтын.

Элиза өсе келе атақты жазушы болады. Оның үздік әңгімелерін Марк Твен, Оскар Уайлд, Генри Джеймс, АҚШ президенті мен премьер-министрлері оқыды.

Отбасын құрып, Элизаның екі сүйкімді баласы дүниеге келеді. Күлкісі мейірімге толы кішкентай баласы Вивиан кейін анасының тағы бір кітабының кейіпкері болады. “Фаунтлердің кішкентай мырзасы” атты кітап Элизаны әлемге әйгілі етеді.

Жазушы кедейлердің өмірін жақсы білген. Содан болар, әңгімелерінде адамдардың өмірін әсерлі баяндайды. Элизаның барлық кітабы мен әңгімелеріндегі басты ұстанымы — “Әлемде мейірімді жүректен асқан ұлы күш жоқ...”

Кейіпкерлер



Сара Кру



Капитан Кру



Хэррисформ мырза



Минчин ханым




Эменгарда



Рам Дасс

КІШКЕНТАЙ ХАНШАЙЫМ



Қыстың суық кеші. Күймеде әкесімен бірге отырған Сара Крудың жасы жетіде. Әкесі — капитан Крумен бірге теңізде саяхаттағанын еске алып келеді. Өзі жеті-ақ жаста болса да, үлкен адамша ойланатын. Әкесінен ажырайтын күн жақындағанын сезгендей:

— Әкетай, — деп әкесіне жабысты.

— Ау, ботам? Менің Сарам не ойлап отыр екен? — деп әкесі қызын құшағына алды.

— Әке, бұл осы мектеп пе? — деді Сара сыртқа қарап.

— Иә, осы жер. Келіп қалдық, — деп әкесі

